

**NEWS****OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 5, Number 309 (2016), 59 – 62

**D.A. Tursynkulova**Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan  
[adilek03@mail.ru](mailto:adilek03@mail.ru)**THE ROLE OF BIY IN LEGAL EDUCATION**

**Abstract.** This paper deals with substantive aspects of the activity and power of biy. Also the features of formation and development of Biy Institute is investigated. The paper also focuses on the work of the biy on legal education. The main conclusions of the author, and the provisions could be used to resume the cultural heritage, to raise awareness and legal education of the Kazakhstan society.

**Keywords:** customs, biy, court, law, legal education, government, Khan's Council, State activities.

**Д.А. Тұрсынқұлова**

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ.

**БИДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ**

**Аннотация.** Жұмыста қазақ қоғамында бидің атқарған қызметінің мазмұндық тұстары ашылып, қарастырылады. Сонымен қатар, би институтының қалыптасуы мен даму ерекшеліктері талданып, жан жақты зерттелінеді.

Сондай ақ мақаланың авторы бидің құқықтық білім беру ісінің дамуына аса назар бөледі. Автордың кол жеткізген нағызжелері мен қорытындыларын мәдени мұраны жаңғыртуға, қоғамның құқықтық санасын арттыруға, қоғамның құқықтық тәрбиесін көтермелеге ісінде қолдануға болады.

**Түйін сөздер:** әдет, би, сот, зан, құқықтық тәрбие, мемлекет, хан кенесі, мемлекеттің қызметі.

Билердің құқықтық білім берудегі рөлі аскан маңызға ие болды. Би қазақ халқында мінсіз әділдіктің, абсолютті теңдіктің, жұрттың алдында аянбай айтып салар- туралықтың, қазақи дәстүрлі тәрбиенің, ұшан-теніз ақыл-парасаттың, көшпелі халқымызға ежелден тән гуманизмнің, еркін, кезбе халқымызға тұмысынан дарыған асыл бостандықтың, кен қеудемен тыныстаған еркіндіктің символы, қоғам таразысы нышаны, әділеттілік сақталуының кепілі бола білді. Өз болмысымен, қызметімен, шешендігімен, халқына етene тығыз жақын болуымен билер ұлттық құқықтық тәрбие және құқықтық білім беруде әділсot аспанының Жетіқарақшысы іспеттес болды. Қандай да болмасын жазылған және жазылмаған зандардың, әдет-салттардың, ғұрыптардың, қазақи құқықтық қағидалардың, дүниетанымдық қозқарастардың жүзеге асу жүйесі тікелей билердің әрекеттерінен көрінді. Билер құқықтық әлемнің әрекет стуінің үлгі-өнегесі бола отырып, халықтың құқыққа деген оң қөзқарасын қалыптастыра білді, әділдікке, адамгершілікке баулыды, қазақтың құқықтық дәстүрлерін өзіндік әділ шешімдерімен сусындаатты.

Билердің дәстүрлі қазақ қоғамындағы рөлі олардың зан шығаруышылық қызметке араласуынан тікелей көрінді. Олар хан кенесшілері бола отырып, басқару жүйесі және халық арасындағы дана дара көпір бола білді. Себебі, би-шешендер өздерінің күнделікті әділсot жүргізу қызметі барысында тікелей халықтың арыз-шағымдарын қарастыру, шешу арқылы халықпен тығыз байланыста болды, оны бақылады, таныды, зерттеді, түсінді.

Халық – биліктің негізі және тірегі, оның қайнар көзі. Сондықтан билік игілігі халыққа бағышталуы керек, соның жағдайын жасауға, "көңілілнен шығуға" арналуы керек. Ондай болмаған жағдайда биліктің тұрактап тұруы негайбыл, оның өміршендігі күмәнді. "Халық қаһарланса, ханды да тақтан тайдырады" дейді қазақ. Көшпелілердегі ежелден келе жатқан "ханды қылғындыру", "хан

көтеру", "хан талапай" рәсім-дәстүрлөрі мемлекеттік биліктің басты тұғыры халық екендігін көрсететін ұғымның көрінісі [1, 90 б.].

Қазақ әдет-тұрып құқығы жүйесінде билердің мазмұны мен мәртебесне қатысты, халықтың құқықтық санасына мықтап енген және дәстүрлі менталитеттің мазмұнын құраған бірқатар қағидалар мен нормалар бар. Олар қысқа да нұсқа нақыл сөздерден көрініс тапқан: "Атанаң баласы болма, адамның баласы бол", "Тұғанына бұрганы- биді құдай ұрганы", "Таста тамыр жоқ, биде бауыр жоқ". Әділдік пен ақыят, оларға жетуге тырысу Қазақ құқығы нормаларына негізделген сот ісін жүргізуге және билердің сottық шешімдерінің іргелі негізі болған, яғни "Атанаң құлы айтса да, әділдікке басынды и", "Тіл жүйрік емес, шын жүйрік".

"Көне нысандағы" қазақ сотын қазақ халқы өзінің ұзак тарихында өткерген көшпелі өркениет шеңберінде пайда болып дамыған құбылыс ретінде түсіне және зерделей алады. Қазақтың көрнекті тарихшысы Манаш Қозыбаев дәл айтқандай, "қазақ шын мәнінде дала перзенті еді...". Қазақтар өздерін және өз мемлекеттілігін "Киіз туырлықты қазақ хандығы" деп атаған. "Көне нысандағы" бұл сот әрі халық соты, әрі сот төрелігі бола білген. Ол әмбебап сипаттағы дәстүрлер мен әдет-тұрыптар институттарының нормативтік құрылымдарына, сондай-ақ таптық, топтық, касталық, жергілікті бөлінушілерден дербес биліктік нормативтік ережелеріне негізделген үнемі даму үстіндегі құқықтық кеністікте іске асырылды. Жалпы этникалық мұдделер әдет-тұрып құқығы нормаларынан жоғары қойылды. Бұл "әдет- әдет емес, жән- әдет" деген ережеден көрініс тапты. Сот рудың, аумақтың немесе аймақтың атынан емес, тәуелсіз бидің, әділдіктің атынан шығарылды, қазақ құқығында қысқа да нұсқа ережелерден көрініс тапқан билердің билігінің моральдық және императивтік күші болды. Қазақтардағы билер сотының тағы бір маңызды ерекшелігі- біріншіден, қарастырылатын даулы істің материалдық-пәндік мазмұнына қарағанда рухани мақмұнына көбірек көңіл бөлінді, екіншіден- "әділеттілік" пен моральдық қағидалары басшылыққа алу. Халықтың санасында үнемі "Ханда қырық кісінің ақылы бар, биде қырық кісінің білімі мен ары бар", "Бай мал сақтайды, би ар сақтайды" деген сөздер жаңғырып тұрды.

Осындаі моральдық-нормативтік қағидалар әділ сottың "Алтын ғасыры" кезеңінде бидің санасында сайрап тұрды. Бұл орайда атакты Әйтеке би (1682-1766) ұрпақтарына келесідей сөздерін қалдырған еді: "Мениң өмірім- өзгенікі, өлім ғана өзімдікі болды".

Қазақ соты дауласуши тараптарды келісімге келтіруге тырысып істі шешетін, сондай-ақ дауды шешу барысында жеке және қоғамдық сипаттағы теріс әрекеттерді жоюға тырысты. Осындаі қыын мақсаттарды шешу үшін билер далалық даналар мектебінде (кітаптар бойынша емес, өмір мектебінен) оқып, данагөй ақсакалдардың алдында сыннан өтіп, өткір ойлы, шешен тілді болуы сондай-ақ қазақ құқығының білгілері болуы міндетті еді. Тек осылай болғанда ғана билер соты өз айналасында Ұлы Даңдағы әділдік пен құқықтық тәртіптің "Алтын ғасырын" орната білді.

Қазақ хандығының тағдырындағы тағы бір маңызды жағдайлардың бірі жергілікті рулар арасында да, жалпы саяси істерде де сот ретіндегі билер рөлінің қүштегені болды. Олар әкімшілік басқару жүйесінен сottық функцияны атқарушылар ретінде бөлініп шыққандықтан, әділдікке сүйенгендіктен олар көшпелі ұжымдар ішінде үлкен беделге ие болды.

Билердің және билер сотының қоғамдағы және көшпелі қауымдағы рөлін арттыру Қасым хан саясатының негізгі бір бөлігі болды және мемлекет пен құқықтық тәртіпті нығайту шаралары болып табылады. Дәл осы Қасым ханның кезінде "Қара қылды қақ жару", "Әділ қазы- алтын таразы" деген қағидалар да калыптасқан. Аныз бойынша Қасым ханның өзі "Ел билігін екі ауыз сөзбен шешкен" екен. Бұл үлгі боп бекіген. Билерде "Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен". Билерге, билер сотына деген халықтың он болмысы "Би болсын, би түсетін үй болсын" деген қағида да сақталған.

Шынғыс хан кезінде және оның ұрпақтары кезінде көне "юрт"- қазақша "жұрт" ұғымы орын алған. "Жұрт" деп көшпелі халық орналасқан көші-конды атаған. Ол жерлердің көлемі туралы Шынғыс ханның тірі кезінде ұлдарына бөліп беген ірі жер иеліктері туралы мәліметтер бар: Жошыға- 9000 жұрт, Шағатайға- 8000 жұрт, Үгедайғе- 5000 жұрт берілген. Қасым ханның кезінде "жұрттық" бөлініс бұрынғы мағынасын өзгертуі. "Жұрт" ұғымы "халық" ұғымының синониміне айналды.

Қасым хан өзге Шынғыс хан ұрпақтарына және өз ағайындарына қарағанда халықтық парасатымен, далалық тұлғасымен өзгешеленді. Қасым ханның жорықтардан тыс уақытта көбінесе қазақ көшпелілері арасында болуы, олармен бірдей өмір салтын кешкендігінен көрінеді. Қасым хан

өзі және өзінің қоластындағылар туралы: "біз даланың адамдарымыз. Мұнда қымбат заттар мен ерекше тағамдар болмайды. Біздің ең қымбат қазынамыз- жылқы, ал ең дәмді тағаммызы- оның еті; біз үшін ең тәтті сусын- оның сүті және одан дайындалатын тағамдар. Біздің жерде бау-бақша мен ғимараттар жоқ. Біз демалатын жер жылқылардың жайылымдары болып табылады"- деген. Қасым ханның көшпелі қоғамдарды олардың ішкі жүйелерін "қазақиландыру" саясатын жүргізді.

Қазактың билері өздерінің атқаратын функциялары мен занұндық қадір-қасиеті бойынша Орталық Азия хандықтарындағы билерден, бері елеулі түрде өзгешеленген. Қазақ билерінің жалпы әлеуметтік топтан, сондай-ақ үстем таптан кең байтақ түркі тілді кеңістікте болып шығуына қазақ-қыпшақ көшпелі өркениеті жағдайы эсер етті. Орталық Азияның тарихи қалыптасуының ортақтығына қарамастан, қазақ билері өз ортасынан бөліне білді. Қазақ-қыпшақтардың Ұлы Даласында билердің дамуы Орталық Азиялық аймақтың басқа бөліктегі қарағанда басқа жолмен өрбіді. Қазақ билері негізінен сottық функциялар атқарса, көрші түркі халықтарындағы билер әкімшілік және басқарушының қасында кеңесшілік қызметтер атқарды. Қазақ билері көшпелі және жартылай көшпелі қоғамдағы сottық-құқықтық басқару саласындағы аталарап даналығы мен білімін менгерген топ ретінде қалыптасты.

"Көне нысандағы" қазақ билерінің рөлі мен орны қысқа да нұсқа ережелерден көрініс тапты: "Бұл жақсының елі жақсы", "Батыр елін жауға бермейді, би елін дауға бермейді".

Қазактардың халық ауыз шығармашылығын зерттеушілердің барлығы қазактардың Ұлы Даласында "би" және "шешен" ұғымдары бір мағыналы, синонимдер емес. Көп жағдайда шешенді би деп таныған, ал егер шешен ақылды болса, ол биге айналған. Қазактардағы сottық "шешендік өнер" тек сөздік байлық қана емес, дәлелдемелік және мазмұндық күшке де ие болды, ол мынандай нақыл сөзден көрініс тапты: "Сөз тапқанға қолқа жоқ".

XVIII ғасырдағы атақты билердің бірі Қазыбек би туралы "Ағын судай әйгілі шешен" деген қанатты сөз бекітілген. Қазақ құқығында шешендік, сөз қисынын таба білу дәлелдеу және сендерудің құралы болды.

Орта ғасырлардағы қазактарда сөз қадірі тіпті жаңа заманға дейін аса жоғары бағаланды. Бұл Ұлы Дарадағы келесідей қағидалардан көрініс тапты: "Ердің құнын екі ауыз сөзben бітірер би", "Өнер алды- қызыл тіл", "Тіл жүйрік емес, билікті шын жүйрік".

Арнайы әдебиетте "би" сөзі көне түркі сөзі, ол шығыс билеушілері- хан, сұлтандар кезінде ол маңызды лауазымдық атақты билер еді. Ол әр түрлі түркі халықтарында әр түрлі тарихи кезеңдерде әр түрлі аталды- "бек", "бегі", "би". Бірақ барлық жерде бұл ұғым "білік", "бileу" деген мағынаны білдіреді және бұл атақты жоғарғы билеушілердің қасындағы есепшілер, ерекше құзырлы адамдар, идеологтар иеленді.

Қазактың "би" сөзі түркітің "білік" элементі бар жалпы атауынан шыққан. Ол терминологиялық белгі мағынасын сақтап қалған. Ал арнайы ұғым ретінде ол басқа синонимдерден өзгешеленді. Қазақ ордаларында, хандықтарында, жүздерінде және руладында, сондай-ақ Орталық Азияның қазақ-қыпшақ жерлері деп аталағын Ұлы Даласында "би" ұғымы өзгеше болды, яғни ол көбінесе сottық қызметтерді атқаратын адамға қатысты айтЫЛДЫ.

Билер қызметі әділ сотпен тығыз байланысты адамдардың ерекше тобына жатты. Тарихи далалық жағдайда сottық биліктің екі мағынасы болды- дауларды қарастыру және құқық түзеушілік. Қазақ билері жерлер мен руладың әкімшіліктерін бөлек, тек қана әділ билер мен зангерлер қызметін ғана атқарды. Билік құқықтық қызметі женіл болған жоқ. Би тарихи-құқықтық бөліммен қатар Ұлы Даада қолданылатын құқық жүйесін де жетік менгеруі тиіс еді. Ал бұл оңай емес еді [2, 45 б.]

Билердің қазақ халқының құқықтық тарихында алатын орны олардың әділдікті орнату тәсілдерімен де күрт өзгешеленді. Мұндағы мәселе әділеттілікті орнатушы билердің шешендік өнерді пайдалануы.

Ертедегі қазақ билерінің дені елді аузына қаратқан, асқан шешен адамдар болған. Олар сөзді құралға да, қаруға да айналдыра білген. Оның үстінен билер мен шешендер таңдайларының шыны шыққан сөзшен-ділмарлар, әр сөздің салмағын безбенге салғандай дәл анықтап, жылт еткен ойдын астарына терен бойлай алатын ойшыл да кеменгер жандар болғаны дау туғызбайды. [3, 125 б.]

Қазақстандағы билердің сottық биліктегі қалалық және жер өңдеушілік мәдениетке негізделген құқық нормалары мен ислам құқығының нормалары қолданылатын жекелеген орталықазиялық жерлер мен елдерге қарағанда зайырлы, әрі менталды болды және мемлекеттік

билікке көп әсер етті. Қазақ халқының тарихи тағдыры мен мемлекеттілігінде тұтастай бір дәуірді құраған зандалық пен әділ сottың "Алтын ғасыры" соттық-құқықтық катынастар өз дамуында жалпы ұлттық құндылық деңгейіне көтерілген қоғамның қалыпты жағдайын сипаттайды.

Қазақ құқығының маңызы этномәдени шекараларындағы өзін-өзі реттеушілік нормативтік рөлі шенберінен шығып кетті. Ол бір уақытта бірнеше қызмет атқарды: реттеушілік, басқарушылық, біріктірушілік, қорғаушылық және адамгершілік. Ол кең мағынада алғанда заң да, билік те, қоғамдық болмыспен өнегеліліктің қайнар көзі де, өнер де, рухани құндылық та болды.

Қазіргі жаһандану деңгейі аса биік белестерге көтерілген, жаңа технологиялар өрбіген, ғылым неше дүркін революцияны басынан өткеген заманда да халықтың талап-тілектеріне толық жауап беретін, оны қанағаттандыра алатын, тікелей халықтың өзі әділдікті орнатушы тұлғаларды биліктің ықпалынсыз сайлап қоятын, сондай тұлғалардың шешіміне ешбір мәжбүрлеуші мекеменің араласуынсыз ерікті түрде мойынсұнып, оны орындайтын, жариялылық пен демократияның үлгісі бола алатын құқықтық жүйе жоқ шығар, сірә. Бұл орайда Өтепберген Ақылбекұлының "Қара қылды қақ жарған" атты кітабынан мына бір сөздерді келтіре кеткен жөн сияқты: "Ханның ығына ықпай, дегеніне жығылмай қылыштың жүзінде тұрса да әділдіктен аттамау, шыбын жаңы үшін бағыттан таймау, екіжүзділікке жол беріп, бос желікпеу- би-шешендердің антына, ұстанған салтына айналған. Бұл "Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ" деген ертеден қалыптасқан қагидаға беріктігі. Осы бір мақалға, тіпті өзгермес, заңға айналған сөздің түп-төркіні қазақ халқының дала заңы бойынша о, бастаң-ақ сөз бостандығына ерік берілгенін, айттар сөзін "Ауызға келген түкірік, қайта жұтса мүкірік"- деп ірікпей ақтарып салатындығын көрсетеді. Халықтың қанына сіңген қасиетіндегі "өзімді елтірсөн де, сөзімді елтірме!"- деуі де осының айғағы. Тіпті ханның үкімімен "қылша мойны талша қылғалы" тұрған адам да: "Дат!"- деп соңғы сөзін айтуға еркіндік, мұрсат берілуінің өзі- сонау есте жоқ есқі замандардың кезінде-ақ сөз бостандығының қатаң сақталғандағының айғағы болса керек..." [4, 88 б.]

Тарихымыз мол еліміз, қазақ бойына терең сіңген дала заңын дамытушы, тасымалшысы және сақшысы ретінде қалыптасқан би-қазылар қазіргі соттарға үлгі тұтар тұлға болып қала береді.

#### ӘДЕБІЕТ

- [1] 1 С. Зиманов, Н. Өсеров. Қазақ әдет-ғұрып зандарына шариаттың әсері. - Алматы, 1998. - 128 б.
- [2] 2 Зиманов С.З. Древний мир права казахов и его источники // Древний мир права казахов.- Алматы: Жеті Жарғы, 2001. – Т.2. - 504 с.
- [3] 3 Кенжалиев З.Ж. Қошпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. Алматы: Жеті Жарғы, 1997. 192 б.
- [4] 4 Ақылбекұлы Ө. Қара қылды қақ жарған. – Астана, 2006. - 234 р.

#### REFERENCES

- [1] 1 S. Zimanov, N. Öserov. Қазақ әдет-ғұрут зандарына шариаттың әсері. - Almaty, 1998. - 128 p.
- [2] 2 Zimanov S.Z. Drevnij mir prava kazahov i ego istoki // Drevnij mir prava kazahov.- Almaty: Zheti Zharry, 2001. – T.2. - 504 p.
- [3] 3 Kenzhaliiev Z.Zh. Keshpeli kazaq koqamyndary dastyrli qquqktyk medeniet. - Almaty: Zheti Zharry, 1997. - 192 p.
- [4] 4 Akyrbekuly Ө. Kara kyldy kaq zhartan. – Astana, 2006. - 234 p.

#### Д.А. Турсынқұлова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г.Алматы

#### РОЛЬ БИЯ В ПРАВОВОМ ПРОСВЕЩЕНИИ

**Аннотация:** В работе рассматриваются содержательные стороны деятельности и власти биев. Также в работе всесторонне исследуются особенности становления и развития института биев.

В работе также особое внимание уделяется на деятельность биев по правовому образованию. Основные выводы и положения автора могут быть использованы по возобновлению культурного наследия, в повышении правосознания и правового воспитания казахстанского общества.

**Ключевые слова:** обычаи, бии, суд, закон, правовое воспитание, государство, ханский совет, деятельность государства.

#### Сведения об авторе:

Турсынқұлова Даирәнна Абайқызы – кандидат юридических наук, доцент кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права юридического факультета КазНУ имени аль-Фараби, [adilek03@mail.ru](mailto:adilek03@mail.ru)